

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Беларусь Республикасы Орман шаруашылығы министрлігінің арасындағы орман шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық туралы

Келісім, Астана, 9 қараша 2012 жыл

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Беларусь Республикасы Орман шаруашылығы министрлігінің арасындағы орман шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

(2012 жылғы 9 қарашада күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2013 ж., N 1, 7-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Беларусь Республикасы Орман шаруашылығы министрлігі, 1998 жылғы 11 қыркүйектегі Орман өнеркәсібі кешені мен орман шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің және оның 2006 жылғы 25 мамырдағы Хаттамасының ережелерін басшылыққа ала отырып, орман шаруашылығы саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дәйекті түрде және ұзақ мерзімді негізде дамытуға ниет білдіре отырып, төмендегілер жайында келісті:

1-бап

Тараптар орман шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты осы Келісімге және Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес тең құқықтық пен өзара пайда негізінде жүзеге асырады.

2-бап

1. Тараптар арасындағы өзара ынтымақтастық мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1.1. орман қорына ие болу, пайдалану және иелену мәселелерін қоса алғанда, ормандарды басқарудың құқықтық, әкімшілік және экономикалық қырлары;

1.2. ормандарды орнықты дамыту және биологиялық әртүрлілікті сақтау;

1.3. ормандарды көп мақсатта пайдалану, ормандардың экономикалық, әлеуметтік және орта құру функцияларын дамыту;

1.4. орман тұқымы ісі мен питомник шаруашылығы;

- 1.5. ормандарды молықтыру және орман өсіру;
- 1.6. ормандарды өрттерден, ағаштың заңсыз кесілуінен және басқа да орман тәртібін бұзушылықтардан қорғау;
- 1.7. ормандарды зиянкестер мен аурулардан қорғау;
- 1.8. аңшылық шаруашылығы мен экотуризмді жүргізу;
- 1.9. орман орналастыру, ормандар мониторингі, орман қорының есебі мен орман кадастрын жүргізу.

3-бап

1. Осы Келісім шеңберінде Тараптар арасындағы ынтымақтастық мынадай нысандарда жүзеге асырылатын болады:
 - 1.1. тәжірибе, ғалымдар мен мамандардың делегацияларын алмасу;
 - 1.2. ғылыми-техникалық ақпарат алмасу;
 - 1.3. бірлескен ғылыми және ғылыми-практикалық семинарлар мен конференциялар, сондай-ақ тиісті бағыттағы мамандардың біліктілігін арттыру курстарын өткізу;
 - 1.4. орман шаруашылығы саласында бірлескен бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ өзара қызығушылық туғызатын мәселелер бойынша бірлескен зерттеулер өткізу;
 - 1.5. ғылыми және ғылыми-танымал сипаттағы бірлескен жарияланымдар әзірлеу және басу.
2. Ынтымақтастықтың басқа нысандары осы Келісімді орындау барысында келісілуі мүмкін.

4-бап

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасының заңды тұлғаларының арасында орман шаруашылығы саласында тікелей байланыстар орнатуға және дамытуға жәрдемдеседі.

5-бап

Тәжірибе, ақпарат, ғылыми-зерттеулердің нәтижелерін алмасу, бірлескен бағдарламалар мен жобаларды және осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген ынтымақтастықтың басқа да нысандарын жүзеге асыру өзара тиімді негізде Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

6-бап

Тараптар осы Келісімді орындау жөніндегі жұмыстарды үйлестіру мақсатында Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамалары шеңберінде бірлескен жұмыс

Жұмыс тобы ынтымақтастық іс-шаралары жоспарының жобасын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Беларусь Республикасы Орман шаруашылығы министрлігі бекітеді.

7-бап

Әрбір Тарап осы Келісімді орындауға байланысты шығындарды Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларында көздеген қаражат шегінде дербес көтереді.

Бірлескен ғылыми және ғылыми-практикалық семинарлар мен конференцияларға, сондай-ақ тиісті бағыттағы мамандардың біліктілігін арттыру курстарына қатысу үшін Тараптар өкілдерін іссапарға жіберген кезде барлық шығынды жіберуші Тарап көтереді.

Қабылдаушы Тарап іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты шығындарды көтереді.

8-бап

1. Осы Келісім олар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптар мемлекеттерінің құқықтары мен міндеттемелерін қ о з ғ а м а й д ы .

2. Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес құпия болып табылатын мәліметтер басқа Тарапқа берілмейді.

9-бап

1. Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалады және оған қол қойылған күнінен бастап кү ш і н е е н е д і .

2. Егер Тараптар осы Келісімнің қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін үш айдан кешіктірмей басқа Тарапты оның күшін тоқтату туралы жазбаша түрде хабардар етпесе, Келісімнің күші келесі бесжылдық кезеңге қолма қол ұзартылады.

3. Қазірдің өзінде жүзеге асырыла бастаған және осы Келісімнің күші тоқтатылған күнге аяқталмаған осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық жөніндегі міндеттемелер олар толық орындалғанға дейін күшінде қалады.

10-бап

Тараптар мемлекеттерінің өзара келісімі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін және оның ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Астана қаласында 2012 жылғы 9 қарашада екі данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалынды, және де екі мәтіннің де күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасы

Беларусь Республикасы

Ауыл шаруашылығы

Орман шаруашылығы

министрлігі үшін

министрлігі үшін

А. Мамытбеков

М. Амелянович

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК